



**ФИЛОЛОГИЯ сериясы**  
**№ 3 / 2019**  
**серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ**

**Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы**  
**КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК**  
**УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**  
**ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
**КОКШЕТАУСКОГО**  
**ГОСУДАРСТВЕННОГО**  
**УНИВЕРСИТЕТА**  
**имени Ш. УАЛИХАНОВА**

ISSN 1608-2206

Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы  
КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
**ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
КОКШЕТАУСКОГО  
ГОСУДАРСТВЕННОГО  
УНИВЕРСИТЕТА  
имени Ш. УАЛИХАНОВА



Меншік иесі Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті ШЖҚ РМК  
Собственник РГП на ПХВ Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова

Бас редакторы - Главный редактор  
**Шапауов А.К., к.филол.н., профессор ВАК (h-index: 3)**

Редакция алқасы - Редакционная коллегия

Жакупова А.Д.	д-р филол. наук, профессор;
Jankowski Henryk	dr.hab., full professor;
Kirchner Mark	dr.hab., full professor;
Yilmaz Ahmet	PhD, professor;
Миннегулов Х.Ю.	д-р филол. наук, профессор;
Джусупов Н.М.	PhD;
Юрина Е.А.	д-р филол. наук, профессор;
Шалабай Б.	д-р филол. наук, профессор;
Шаймерденова Н.Ж.	д-р филол. наук, профессор;
Анищенко О.А.	д-р филол. наук;
Жахина Б.Б.	д-р педагог. наук;
Исмагулова А.Е.	канд. филол. наук;
Байманова Л.С.	канд. филол. наук;
Кишкенбаева Ж.К.	PhD;
Фаткиева Г.Т.	канд. филол. наук, отв.сек-рь;
Нуржаксина М.	маг. филол.наук, корректор

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Акана-сері, 24.  
тел./факс: 25-55-83; редакция: 25-03-15;  
E-mail: vestnik-kgu@mail.ru

ISSN 1608-2206

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

№ 3 / 2019

серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

Техникалық редактор  
Технический редактор  
**Макенова Л.Ш.**

2008 жылдан бастап шығады  
Жылына 4 рет шығады

Издается с 2008 года  
Выходит 4 раза в год

Басуға 27.09.2019 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/12.  
Кітап-журнал қағазы.  
Көлемі 24,4 б.т.  
Таралымы 300 дана.  
Бағасы келісім бойынша.  
Тапсырыс №95.

Подписано в печать 27.09.19 г.  
Формат 60x84 1/12.  
Бумага книжно-журнальная.  
Объем 24,4 п.л. Тираж 300 экз.  
Цена договорная. Заказ №95.

Ш. Уәлиханов атындағы КМУ  
баспаханасында басылған

Отпечатано в типографии  
КГУ им. Ш. Уалиханова

© Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті  
Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова

Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия РК  
Регистрационное свидетельство № 481-ж от 25.11.1998 г.

## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

## ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

<b>Абдикеримова Г.С., Дуйсекова К.К.</b> Медикартина мира как опредмеченная ментальная познавательная деятельность СМИ .....	6
<b>Ашкеева М.М.</b> Бұйрықты айтылымдардың прагматикалық классификациясы .....	12
<b>Байманова Л.С.</b> Об авторской линии повествования в произведении А. Штифтера «Горный хрусталь» .....	20
<b>Бейсембаев А.Р.</b> Лингвостилистические особенности юридического текста .....	24
<b>Бочкова Л.А., Дарбаева Ж.К.</b> История и природа языка эмодзи в современном виртуальном пространстве .....	30
<b>Есимкулова С.С.</b> Әскери лексиканы зерттеудің семантикалық қыры (Б. Момыш-ұлы әскери прозасы материалы негізінде) .....	36
<b>Есматова М.Т., Құлыбекова Ж.С., Хамзина Г.С., Қадыров Ж.Т.</b> Солтүстік Қазақстан өңірі ақындарының шығармаларындағы «Туған жер» концептісі .....	41
<b>Жумагулова О.А., Каирбекова И.С., Мусин Л.К.</b> Интерпретациялау – оқу сауаттылығын қалыптастыру негізі .....	50
<b>Кенжалин Қ.К., Маликов Қ.Т., Байбосын Ә.М.</b> Қару-жарақ атауларына байланысты көнерген сөздер («Эпостық жырлар» негізінде) .....	55
<b>Куванбакиева А.Н., Саметова Ф.Т.</b> Лингвокультурологический аспект числовой семантики в идиомах (на примере казахского языка) .....	59
<b>Мисяченко С.В., Сабиева Е.В.</b> Эмоциональный аспект рекламного воздействия (на примере приема расширения лексической сочетаемости слов) .....	67
<b>Мисяченко С.В., Сабиева Е.В.</b> Коммуникативная направленность рекламного текста .....	72
<b>Муканова Г.М., Табакова З.П.</b> Концепт <i>отчуждение</i> в рассказах А.П. Чехова .....	78
<b>Мусаканова Г., Шахин А.А.</b> Портретирование как метод изучения языковой личности .....	85
<b>Мухамбетов Ж., Джаманкулов А., Кисметова Ш.</b> Қазақ тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеу мен зерделеудің маңызы .....	89
<b>Нұртазина М.Б., Құлманов Қ.С., Құрмашқызы Ә.</b> «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық білім беру жүйесін одан әрі жаңғырту арқылы көптілді тұлғаны тәрбиелеу ..	96
<b>Ossokina D.O.</b> English neologisms in web-based education, types and ways of formation .....	104
<b>Сагидолда Г., Жуанышпаева С.Ж., Қасымова С.К.</b> Қазақтың поэтикалық дүниебейнесінің этномәдени фоны (Ғ.Мұстафин шығармалары бойынша) .....	110
<b>Сарымбетова А.А., Саметова Ф.Т.</b> Экономикалық дискурстың когнитивті аспектісі .....	116
<b>Sansyzbayeva S.K., Smatayev N.K., Temirkulova G.K.</b> Evaluating means of speech expression in media texts .....	124
<b>Чкамбаева Ж.А., Журавлева Е.А.</b> Билингвизм рекламного текста и национальный компонент как специфические черты казахстанской социальной рекламы .....	128
<b>Шалабай Б.</b> Тілдік тұлғаны қатысымдық аспектісі .....	134
<b>Шахин А.А.</b> Манипуляционные лингвистические приемы как предмет рассмотрения лингвистической экспертизы .....	138

<b>Shevyakova T.</b> Advertising communication models in contemporary Kazakhstan .....	143
--	-----

### САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

#### СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<b>Батаева Ф.А., Жакупова А.И.</b> Трансформации в переводе, имеющие место в связи с расхождениями в нормах языков .....	149
<b>Кенжалин Қ.К., Маликов Қ.Т., Абдиров Ө.Қ.</b> Қазақ және түрік тілдеріндегі ұсталық кәсібіне байланысты мақал-мәтелдердің танымнан кейінгі өзгерістері .....	154
<b>Қамарова Н.С., Сарекенова Қ.Қ.</b> Филолог-аудармашы мамандығының ерекшеліктері .....	159
<b>Мизамхан Б.М., Тұрсынақын А.</b> Ағылшын тіліндегі кинофильмдерді қазақ тілі субтитрлеудің маңызы .....	166
<b>Mizamkhan B., Nuradilova T.M.</b> Uncovering translation strategies used in the translation of the English novel 'Bridget Jones' diary' by Helen Fielding: the balance between domestication and foreignization .....	170
<b>Рыспаева Д.С., Жукенова А.К., Жуманбекова Н.З.</b> Заң құжаттарын аудару ерекшеліктері .....	176
<b>Сагидолда Г., Қасымова С.К., Жуанышпаева С.Ж.</b> Түркілердің этнодидактикалық дүниебейнесінің ұлттық коды .....	183
<b>Самамбет М.К., Сагаров А.А.</b> Процесс влияния и восприятия читателем авторского намерения передачи субъективного мнения об объективной реальности .....	188
<b>Хасенов Б.Р., Адилова А.С.</b> Түркі тілдеріндегі архетиптік дыбыстар жайлы .....	194

### ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

#### ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

<b>Анищенко О.А., Зиябек А.Ж.</b> О проекте библиографического указателя «Писатели Акмолинской области: жизненный и творческий путь» .....	201
<b>Асенова А.Б., Копытова Ю.О.</b> Фольклорные традиции и жанры в научном исследовании В.А. Василенко .....	207
<b>Ізім Т.О., Қайыр Ж.Ү.</b> Қазақ би фольклорының сахналануы және оның ауыз әдебиетімен байланысы .....	215

<b>Каримсакова Б.А. Ә.</b> Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романындағы аңыз бен шындық .....	221
<b>Каримсакова Б.А., Жеткізгенова А.Т., Қамарова Н.С.</b> Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт поэзиясының ақындық даралығы мен ақындық шеберлігінің үндесуі .....	225
<b>Куребаева Г.А., Кенжина Ш.М.</b> Әдеби постмодернизм бағытында жазылған «Имя розы» шығармасының ерекшеліктері .....	231
<b>Қожекеева Б.Ш., Сарбасов Б.С.</b> «Қамбар батыр» жырындағы салт- дәстүр көрінісі .....	236
<b>Қожекеева Б.Ш., Бегманова Б.С. Ә.</b> Кекілбаев шығармаларындағы Махамбет бейнесі .....	241
<b>Муктарова Ә.С.</b> Абай «Қара сөздеріндегі» адами құндылықтар мәселесі .....	246
<b>Мұхан А.Ж.</b> Үйлену ғұрпы фольклорының поэтикасы .....	251
<b>Өтеш Ж. Ә.</b> Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогының көркемдік-стильдік ерекшеліктері .....	255
<b>Сәркенқызы А., Қадыров Ж.Т., Егорова С.И.</b> С. Мұқанов шығармаларындағы окказионализмдер .....	260
<b>Сәркенқызы А., Қадыров Ж.Т., М. Жұмабаевтың</b> «Шолпанның күнәсі» шығармасының психологиялық ерекшелігі .....	265
<b>Шапауов А.К., Туровская Е.И., Маликова А.И.</b> Проблемы исследования жанра драматургии тюркских народов Центральной Азии и Сибирского региона России во взаимосвязи с Европейской драматургией (от фольклора до драмы) .....	270
<b>Шапауов А.К., Маликова А.И., Туровская Е.И., Шапауова А.А., Майнагашева Н.С.</b> Сценическая литература в контексте драматургии и театрального искусства тюркских народов (конец XIX – начало XX веков) .....	275

ӘОЖ 821.512.122

**Б.Ш. Қожекеева<sup>1</sup>, Б.С.Сарбасов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>филология ғылымдарының кандидаты, қауым.профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: Bekzada61.2018@gmail.com

<sup>2</sup>филология ғылымдарының кандидаты, қауым.профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: Sarbasov.bolathan@mail.ru

### «ҚАМБАР БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ САЛТ- ДӘСТҮР КӨРІНІСІ

*Қазақ халқының ауызша шығармашылығы мен адамдардың күнделікті өмірінде салт-жоралық және лирикалық өлеңдердің, ертегілердің, мақал-мәтелдердің рөлі зор. Әсіресе, салт-жора поэзиясы халық тұрмысының ажырасыз бөлігі болып саналатын. Ол қарапайым қазақтың да, атақты қазақтың да өміріндегі барлық маңызды шаралар мен рәсімдерде (қуанышта да, қайғыда да) орындалып отырған. Осыған байланысты, мақалада Қамбар батыр жырындағы қазақ ұлтының ежелден бергі тұрмысында пайдаланып келген ырымдары мен дәстүрлері, салты мен ғұрыптары туралы баяндалған.*

*Кілт сөздер: әдет-ғұрып, ауыз әдебиеті, салт-дәстүр, Қамбар батыр жыры.*

#### КІРІСПЕ

XV-XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани өмірі біздің кезімізге дейін жеткен ертедегі халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы дәстүрлерін көрсетеді. Олар түгелдей алғанда сол кезде қазақтарда үстем болған патриархаттық-феодалдық қатынастарға негізделген. Қазақтардың көптеген әдет-ғұрпы олардың әдеттегі құқығының ертедегі нормаларымен байланысты болды, олардың негізі атақты қазақ хандары Қасым («Қасым ханның қасқа жолы») мен Есімнің («Есім ханның ескі жолы») құқықтық ережелерінде салынған болатын, ал XVII ғасырдың аяғында, Тәуке хан билік құрған кезде қазақтың үш жүзінен шыққан көптеген қазақ билерінің, соның ішінде халық зердесінде қалған атақты Төле бидің, Қаз дауысты Қазыбек би мен Әйтеке бидің қатысуымен Тәуке ханның «Жеті жарғы» деп аталатын заңдары жүйеге түсіріліп, құрастырылды [1,16].

Қазақтың әдет-ғұрпы мен дәстүрлері көбінесе көшпелі малшылардың күнделікті шаруашылық қызметінде атқарылатын әр түрлі салт-жорасынан көрінеді. Мәселен, көктемде қыстаудан көшкенде қыстау мен малды отпен тазарту салты міндетті түрде сақталған. Бұл үшін қыстаудың маңынан екі жерден от жағып, барлық малды солардың арасынан айдап өткен, мұның өзі мұсылман дініне дейінгі от киесіне деген нанымға байланысты еді. Жазда қоныс аударған кезде әрбір ауыл көш керуенінің салтанатты безендірілуіне ерекше көңіл бөлген. Бұл үшін алдыңғы түйеге қырғауылдың ұзын қауырсынынан төрт басты қарқара орнатқан. Мұндай көш халық арасында «**қарқаралы көш**» деп аталады. Қарқаралы түйені ауылдың ең құрметті әйел немесе ең жас келіні жетекке алған. Халықтың түсінігі бойынша, қырғауылдың әдемі қауырсыны көзі түскендердің назарын өзіне аударып, көш керуеннің көз тиюден және жол-жөнекей әр түрлі қолайсыз жағдайлардан сақтайтын болған [2,23].

#### НЕГІЗГІ БӨЛІМ Сондай-

ақ, «**Қамбар батыр**» жырында:

«Сусар бөрік басында,  
Үстіне киіп құлпыдан. Керей  
ұлы Келмембет



Сөйлес қылып келеді» [3,436],- деп сырттан келген бөтен адам үй иесін баса-көктемей «Сөйлес», - деп дауыстап қонақ келгенін білдіріп, рұқсат сұрау ғұрпын бейнелеген.

Жыр басында астарлап сөйлей отырып қыз баланы айттырудың жоралғысын мына шумақтардан көруге болады:

«Саусағы алтын сұңқарға, Ілдірейін  
деп келдім.  
Көлдегі үйрек, қазыңды,  
Алтайы қызыл түлкіңе,  
Қосайын деп ойлап ем Құмай  
жүйрік тазымды. Тікбекке ақ  
үй сұраймын Ел қонбаған  
сазыңды.  
Бұйырып патшам жіберген, Қайталмаймын  
бұл жерден  
Іздеген жоғым табылмай» [3,437].

Халықтық әдет-ғұрып қазақтардың отбасы-неке қатынастарында сақталатын әр түрлі салт-жораларда мейлінше толық ашылды.

Қазақтар некенің әр алуан түрлерін білген, бірақ некенің ең көп тараған және негізгі түрі құда түсу және келінді қалың мал беріп алу жолымен үйлендіру болды. Құда түсу салтын жастардың ата-аналары немесе жасы үлкен туыстары жүзеге асыратын еді. Құда түсу туралы келіссөз жүргізуден бұрын күйеу баланың ата-аналары жорамалданып отырған құда түсер үйдің жақсылы-жаманды оң немесе теріс жақтарын дәлелдейтін барлық мән-жайларды біліп алатын. Осындай құпия «барлаудан» кейін ғана күйеудің әкесі ресми ұсыныс жасау үшін қыздың әкесіне өзінің сенім білдірген адамын «жаушы» етіп жіберетін. «Қамбар батыр» жырындағы осындай «жаушы» ретінде Келмембет жіберілген. Келмембет тағы сөйлейді:

«Сен сұрасаң Әзімбай  
Айтайын келген жөнімді, Арада  
жүрген жеңгемін  
Киемін қымбат тоныңды,  
Мәрт кісінің белгісі  
Бітірсең тездеп сонымды;  
Ешкім саған тие алмас  
Ұстасаң менің қолымды;  
Жаушы қып патшам жіберді...  
...Бүгін саған мейманмын  
Таңдап сой семіз қойыңды:  
Құда түсіп, құйрық жеп  
Қыламыз қызық ойынды...» [3, 438], - дейді.

Егер қыздың ата-анасы ұсынысты қабылдаса, күйеу жағынан құралдардың келу мерзімін белгілеп, жаушыға «*шеге шапан*» деп аталатын шапан жапқан. Сонан соң күйеудің әкесі белгіленген мерзімде құдалар жіберіп, олар қалың малдың көлемі туралы, жасажабдықтар туралы, қалың мал төлеудің алдын ала белгіленген мерзімдері және тойды өткізетін уақыттың өзі туралы ресми келіссөз жүргізген.

Құдалық туралы екі жақтың келісімі антпен бекітілген, бұл үшін құрбандыққа шалынған қойдың бауыздағандағы қанын ағаш тостағанға (аяққа) толтыра құйып, екі жақтың да бос құдасына апаратын, олар оған оң қолының саусақтарын малып, ал неғұрлым ерте кезде оған найзасының немесе жебесінің ұшын салып, сонымен бірге құдалық уағданы бұзбау туралы ант берген сөздер айтатын болған. Ант беру рәсімі жасалғаннан кейін ақсақалдар қан толтырылған тостағанға қарап отырып аят оқу арқылы уағдаластыққа бата берген, бұл қазақтарда *«батаяқ»* деп аталды. Осы жол-жораның құрметіне күйеу жағынан келген бас құда қалыңдыққа тарту-таралғаны және қалыңдыққа *«қарғыбау»* немесе *«үкітазар»* (ен салу) деп аталатын сыйлықты атаған, бұл сыйлық қыздың осыдан бастап айттырылғанын білдірген. Осыдан кейін уағдаласушы жақтар заңды құда деп саналып, оларға жаңа пісірілген құйрық май мен бауырдан арнаулы *«құйрық-бауыр»* деген тағам тартылған. Құдалардың оны бір-біріне асатуы екі жақтың туыстық қатынастарының ұзақ жылдарға орнатылғанын бейнеленген. Құдаларға аттанар алдында сый ретінде *«киім»* кигізген [4, 26].

Күйеудің әкесі келісілген қалың малдың негізгі бөлігін бергеннен кейін күйеу қалыңдыққа өзінің алғашқы ресми сапарын жасаған, ол *«ұрын бару»* деп аталады. Осы сапар кезінде болашақ ерлі-зайыптылар, әдетте бірінші рет кездесетін, сондықтан олардың бұдан кейінгі тағдырына ұрын барудың зор мәні болды, олар бірін-бірі біліп, ұнатып кетуі мүмкін еді. Кейде бұл кездесу тең емес некені болғызбай тастайтын. Демек, қазақтың «ұрын» термині түріктің ертедегі «ugun» (тығылу, бауырына басу) деген сөзінен шыққан болуы мүмкін. Түріктің ертедегі «bagırsaqni bulza bagırqa ugun» (егер ізгілік көрсен, қабыл ал) деген қазір де бар сөзі осындай жорамалдың растығын айқын дәлелдейді.

Күйеу мен қалыңдықтың ата-аналары алғашқы кездесуді өткізуге мұқият дайындалатын. Қалыңдықтың туған-туысқандарына алуан түрлі көп тарту-таралғы беріп, күйеуге тәжірибелі жігіт (күйеу жолдас) бастаған 5-6 адамнан тұратын қошеметшілері еріп барған. Күйеудің қасына ерген адамдары үшін қалыңдықтың жақын туысының үйінде келесі күні дәстүрлі *«қыз қашар»* кеші өткізілген. Кештің аяғына қарай қалыңдық құрбыларының қарсылығына қарамастан, жеңгелері оны арнайы отау үйіне апарады, онда алдын ала төсек салынып қойылады. Жас жеңгелер күйеуді сонда шақырады, ал басқа әйелдер күйеудің аяғының астына *«бақан»* (киіз үйдің шаңырағын көтеруге арналған сырғауыл тастап, оның алдынан *«желі»* (құлын байлайтын арқан) тартады. Халықтың нанымы бойынша, бұлар – қасиетті заттар, олардан аттап өтуге болмайды, ал бұл жағдайда одан ақы төлеп айналып өту керек. Сондықтан күйеу бола жеңгелерге *ақы (кәде)* төлейді де, олар күйеу баланың жолынан кедергіні алып тастайды. Бірақ бұндай көріністердің барлығы жырда онша көрінбейді, яғни Назым бұл әдеттерді орындайды. Назымның әдет-ғұрыпты бұзып еріксіз қалың малға сатылуға көнбейтін қыз екендігі *«Тоқсан үйлі Тобыр»* жырында өте айқын берілген. Мұнда ол өз әкесі Әзімбайға:

«Айғыр емен, ат емен

Жал-құйрығын сүзілтіп

Бауырыңа салғандай» [5,94], - дейді.

Бұл жырда халықтың өлең-жырларында қолданылып келген дәстүр жаңа әдістермен толтырылған. Мұнда тұрмыс-салт өлеңдерінің дәстүрінде аңсап, арман ететін бой жеткен қыздың сипаттары да толықтырылады. Назымның өз басын толық бағалай білетіндігі, махаббатты жолында жан алмайтындығы, өзінің ішкі сезімін қорғау үшін батылдық пен нақты әрекет істей алатын қыз екендігі айтылады. Назым - ақ тұйғын, аққу, қоңыр үйрек, балапанын ерткен қоңыр қаз. Оның денесі аппақ қардай, екі беті қарға толған қандай, көзі құралайдың көзіндей. Осы сияқты сипаттардың нәтижесінде рухани тәрбиесі де, дене тәрбиесі де жан-жақты жетілген мінсіз адамның бейнесі көрінеді. Қамбарды Назым оның күшіне, ерлігіне қызығып сүйеді. Назым Қамбардан өзінің ойында арман етіп жүрген жігітінің сипатын, батырлығын көреді. Сондықтан да «Он екі баулы өзбекті» және «ноғайлы» елін қалмақ шабуылынан қорғайды деп сенеді. «Бара жатқан Қамбарды Назым сұлу көздеді.



Шын батырға кез келді.  
...Соған ғашық болғаным  
Қалмақтың берер деп едім  
Жалғыз-ақ өзің жазасын» [5,95].

Қамбар мен Назым арасындағы ғашықтық және батырдың Назымға үйленуін баяндау олардың руының Махтым ханға қарсы күресімен байланыстырылып берілген. Назым Қамбарға деген адал махаббаты үшін күреседі. Ноғайлы елінің билері, «көп жылағанша бір қыз жыласын» деп Назымды Махтымға бермек болып, кесім шығарған кезде де ол өзінің бетінен қайтпайды.

«Тоқсан үйлі Тобырда» XIX ғасырдағы елдің тұрмыс жағдайлары кейіпкерлердің ісәрекетін өзгертуге де әсер еткен. Мысалы, ұрыс қызған кезде сартылдап найза сынып, зуылдап садақтың оғы ұшып жатады, сонымен қатар күрсілдеп зеңбірек атылып, аспанға ракета ұшып жатады.

Сайып келгенде, XIX ғасырдағы ел тұрмысының бұл жырға тиген ең басты әсері: тұрмыстағы әлеуметтік қайшылықты ашып көрсету, кедейлердің жай-күйін жақсартудың қажеттігін сөз қылу және қалың малсыз үйлену мәселесін көтеру. «Тоқсан үйлі Тобыр» жырында ескіден келе жатқан дәстүрмен қатар көп жерлерде жаңалық араласып басқа батырлар жырының дәстүріне ұқсамай отырды. «Тоқсан үйлі Тобыр» жырында және Қамбар туралы басқа жырларда да ел қыдырып әулие іздеп молаға түнеп, аруаққа сиынып батыр бала сұрап жүрген кубас шал-кемпірлер жоқ. Және батырдың бала күніндегі ерлігін суреттеу, өзіне жылқыдан ат таңдап алу, сүйген қызына таласқан басқа жігітпен сынасып, садақтан оқ атысу, бәйгеде сынасу сияқты жырлардан кездесетін суреттеулер де жоқ. Жырдың басында сөз Назымның сұлулығы туралы болады. Одан кейін Назымның өжеттілігі, еріктілігі қалың тойда өзіне күйеу боларлық жігіт таңдағанда және Қамбарға алғашқы кездескен жерлерінде толық, өте айқын суреттелінеді. Назымда көзге түсерлік сипат көп. Оның міндетін алтын күймесі, киетін алтынмен әшекейленген қамқа тоны, беті-қолын жуатын алтын құманы бар. Оның алтын күймеге жегіп жүретін қос қара атының қамытдоғасы да алтыннан, седелкесі күмістен жасалған, божысы жібектен есілген және басқа да бай дүние-мүлік бәрі оның әмірінде. Назым тек қымбат бағалы киімдермен денесінің кіршіксіз аппақтығымен, бетінің қызылдығымен, қасының қаламдай сызылып тұрғандығымен және әсем сұңқар бойымен ғана суреттелінбейді, сонымен қатар, Назым таза жүректі адамгершілік қасиеті мол тілекті адам. Оның ең басты қасиеті де осында.

Ал, Ә. Диваев нұсқасындағы «*Қамбар батыр*» жырында осы салт-дәстүр, әдет-ғұрып бойынша Әзімбайдың Назымға күйеу таңдату үшін істеген тойды толық суреттеу, Назымның қалмақтың ханымен сөйлескені, қалмақ ханы Қараманның құда түсуі, Қамбар мен Назымның арасындағы ішкі сезім көріністері мұнда жоқ. Дегенмен, Ә. Диваев вариантындағы «*Қамбар батыр*» жырының мына бір көрінісін айта кетсек:

«Қалмақ ханы Әзімбайдың ауылына құда түсуге екінші рет адамдарын жібереді. Әзімбай сасқанынан құдалыққа келген қалмақтарға сый-құрмет көрсетіп, қарсы алады да, Қамбарға астыртын кісі жібереді. Қамбардан хабар келгенше Әзімбай құдаларды «құрметтеп» Келмембеттің оң жағында отырады, құдалық салты бойынша сойылған қойдың етін бір топ жігіттер қонақтарға табақпен тартып жүреді, құдалардың иығына қымбат ішіктер жабады. Дегенмен тұрмыс-салтқа байланысты суреттеулер бұл вариантта аз кездеседі».

Ертедегі қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша отбасында қыз балаға 12-13 жасқа толғанда бойжеткен деп есептеліп, оны тұрмыс құруға бейімдейді. Қалыңдықты ерекше көз тартатындай бағалы киімдер кигізіп, ал асыл тасты бұйымдар қыздың ажарына көрік беретінін айтып өттік. Енді соны бұл жырда қалай суреттелгенін мына өлең жолдарынан көруге болады:

«...Алпыс сомдық әр кезі

Үстіне асыл кигізді,  
 Жорғадан жегіп қара көк  
 Күймелі арба мінгізді Көзі  
 түскен бенденің  
 Жүрегін оттай күйгізді».

\* \* \* \* \* «Тоғыз қабат торқадан  
 Қамзол киді қынама...»

\* \* \* \* \*  
 «Қыз Назым шықты бұраңдап  
 Он сегіз толған жасына  
 Кәмшат бөрік келісіп,  
 Бриллиант қойды басына» [3,420].

### ҚОРЫТЫНДЫ

Халықтың ауызша шығармашылығы мен адамдардың күнделікті өмірінде салт-жоралық және лирикалық өлеңдердің, ертегілердің, мақал-мәтелдердің рөлі зор. Әсіресе, салт-жора поэзиясы халық тұрмысының ажырасыз бөлігі еді, салт-жора мен әнсіз тұрмыс мүмкін емес болатын. Ол қарапайым қазақтың да, атақты қазақтың да өміріндегі барлық маңызды шаралар мен рәсімдерде (қуанышта да, қайғыда да) орындалып отырған.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан тарихы. Ү томдық II томы // Атамұра Алматы, 1998.
- 2 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1994.
- 3 Қамбар батыр. Қазақ эпосы 1 кітап. Алматы, 1957.
- 4 Садырбаев С. Қазақ халық ауыз әдебиеті. Алматы, 1990. 5 Қамбар батыр // Жазушы Алматы, 1968.

Б.Ш. Кожекеева<sup>1</sup>, Б.С. Сарбасов<sup>2</sup>

#### **Особенности традиции в поэзии «Камбар батыр»**

B.Sh. Kozhekeyeva<sup>1</sup>, B.S. Sarbasov<sup>2</sup>

#### **Features of the tradition in the poetry of «Kambar Batyr»**

<sup>1,2</sup>Kazakh State Women's Pedagogical University,  
 Almaty, Kazakhstan

---

<sup>1,2</sup>Казахский государственный женский педагогический университет,  
 Алматы, Казахстан

*Традиционные, лирические стихи, устная литература, сказки, пословицы и поговорки играют большую роль в повседневной жизни казахского народа. Особенно, традиционная, ритуальная поэзия считалась неотъемлемой частью жизни народа. Они соблюдались во всех важных (радостных и печальных) событиях в жизни каждого и богатого и бедного, и известного и простого казаха. В связи с этим, в данной статье рассказывается об эпосе Камбар батыр, в котором были описаны все обычаи, традиции и ритуалы используемые казахским народом с древних времен.*

*Traditional, lyrical verses, the folklore, fairy tales, proverbs and sayings play a big role in the everyday life of the Kazakh people. Especially, traditional, ritual poetry was considered an integral part of people's life. They were observed in all important (joyful and sorrowful) events in the life of everyone, both the rich and the poor, the famous and simple Kazakh. In this regard, this article tells about the epos Kambar batyr, which described all the customs, traditions and rituals used by the Kazakh people since ancient times.*